

FTAMP 03.81.37

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.250>

*¹Жиренов А.А.  ²Ошан Ж. 

¹ «Ғылым ордасы» РМК, Алматы, Қазақстан

² Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹seikhuni.kz@mail.ru, ²zhan918@mail.ru

«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ» КІТАБЫНЫҢ «ШАҒАТАЙ ХАН» БӨЛІМІНДЕГІ КЕЙ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТТЕР

Аңдатпа. Шағатай ұлысын зерттеу жұмыстары соңғы жылдары елімізде қарқын алып келеді. Осы орайда тарихи еңбектерге деректанулық зерттеу жүргізуде тарихи мәселелерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеумен ұштастыра отырып қарастыру тәжірибеде бар зерттеу әдістерінің бірі болып саналады. Мақалаға арқау болған «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» трактаты Орта Азияны мекендеген көптеген түркі халықтары ортақ қолданған шығыс түркі тілі немесе ортағасырлық әдеби түркі тілі деп аталатын шағатай тілінде жазылған. Орта ғасырлардағы парсы-түркі тілінде жазылған тарихи шығармаларды анықтау мен оларды деректанулық тұрғыдан зерттеп, бұрынғы ғылыми жетістіктердің мазмұнын байытып, қатысты мәселелерге тұжырым жасау, тақырыпты едәуір тың мәліметтермен кеңейтуге мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Аталмыш «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» кітабының Шағатай хан бөліміндегі кей тарихи тұлғаларға байланысты мәліметтерге орта ғасырларда парсы, түркі және басқа тілдерде жазылған тарихи шығармаларда сақталған деректемелерге деректанулық зерделеу жасау. Нәтижелер. Мақалада мәтінтанулық, деректанулық, герменевтикалық, салыстырмалы зерттеулерді қолдану нәтижесінде тарихи тұлғалардың тұлғалық болмысын айқындап ашып беру мәселесі басты назарға алынды. Қорытынды. Тарихи жазба мұраларға этимологиялық зерттеулер жасауда парсы тілінде жазылған әдеби нұсқаларға түркі тілінің ықпалы, шағатай-түркі тіліндегі нұсқаларда парсы және басқа тілдерден енген элементтерді назарға алып, дереккөзде сақталған тарихи мәселелерді басқа қырынан талқылау тың жетістіктерге жетуге жол ашады.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Араб, моңғол, парсы, қытай және түркі деректері бойынша Шағатай, Қайду және Моғолстан ұлыстарының этносаяси тарихы» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR18574101).

Түйін сөздер: Шағатай, деректану, қаған, жазба жәдігер, Шағатай ұлысы, қараша.

Кіріспе

XIII ғасырда Орталық Азия даласында бой көтерген Шағатай ұлысы тек Орта Азия түркілерінің ғана емес, сонымен бірге Шығыс Еуропа, Орал, Еділ, Кавказ, батыс Қытай мен Солтүстік Үндістанды мекендеген халықтардың тарихында да елеулі өзгерістерге жол ашты. Шағатай мемлекеті XIII ғасырдың ортасында Шағатай ұлысының негізінде қалыптасып, саяси орталығы – Іле алқабындағы Алмалық қаласына (қазіргі Құлжа қаласының маңы) орналасты. Шағатай хан тұлғасы байсалды, қатал, тәртіпті сүйетін өжет мінезділікпен сипатталатын тұлға екенін әрі Үгедей қаған тірі кезінде Шағатайдың бүкіл ұлыста соншалықты билікке ие болғанын түркі-шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегінде: «Ұлық Қаған Үгедей әр істе маңызды шешімдерді оның (Шағатайдың) кеңесінсіз және мақұлдауынсыз қабылдамаған» – деп келтірген сөздерден аңғаруға болады (Tavāīkh-i, 1502/03: f.86v). Шағатай бауыры Ұлық Қаған Үгедейден кейін арасы небарі жеті ай уақыт

өткен соң дүниеден өтеді. Шағатай ұлысын билеген хандардың (бастапқы кезеңі) ішінде Күйік қаған билік құрған тұста (1246–1251ж.) Орталық Азиядағы Шағатай әулетінің құзыр билігі артып, Шағатай ұлысының жер көлемі ұлғайа түседі. Ал, 1251 жылы Жошы әулетімен одақтас Төленің ұлы Мөңке қаған тағына отырғаннан соң орталық Азиядағы Шағатай билігі Мөңке қаған басқарған биліктің қысымына ұшырай бастайды. Шағатай, Үгедей әулетінен шыққан хан және хан-оғландары Ұлы қағанға астыртын қарсылық танытқандары үшін жазаланып, кейбірі бас сауғалап басқа елдерге өтіп кетіп жатты. Зерттеу жұмысы осы кезеңді парсы, түркі-шағатай тілдеріндегі дереккөздермен қарастыра отырып баға беру болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың негізгі зерттеу нысаны ретінде «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегі қарастырылды. Зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегі анонимдік «Му'изз ал-Ансаб» («Muizz al-ansab fi šarat al-ansb») еңбектерінің жекелеген деректемелерін аударып отырып өзара салыстырмалы, салғастырмалы түрде қарастырылады. Зерттеу жұмысы тікелей «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегінің түпнұсқасына қатысты болғандықтан мақала қолжазба тарихын зерттеу, қолжазбатану және герменевтика әдіс-тәсілдеріне жүгінеді. «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» шығармасы әрбір кезеңде зерттеушілердің қызығушылығын тудырып отырған маңызды қолжазбалар санатына жатады. Отандық зерттеушілер арасында Ж.М. Сабитовтың «Таварих-и гузида-йи нусрат-нама как источник по генеалогии джучидов» атты мақаласы және Ж.М. Сабитов, Р.Ю. Реваның «Сравнение сведений «Муизз ал-Ансаб» и «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» о ханах улуса Джучи с данными нумизматики» қатарлы ғылыми мақаласы жарық көрді. М. Қожа мен А.К. Бегалиеваның «Мавзолей Толена в Огузтау – малоизвестный памятник Туркестанской области» атты мақаласында қолжазбада кездесетін археологиялық және этнологиялық ескерткіштер туралы тоқталып өтеді. Кеңестер Одағы кезеңінде жарық көрген «Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атты қолжазба жинағында және 1965 жылы Мәскеуде жарық көрген Б.А. Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» шығармасында бұл еңбекке кеңінен тоқталған. Сонымен қатар, В.В. Трепавловтың «История Ногайской орды» кітабы, И.А. Мустахимовтың «Джучи и Джучиды в «Таварих-и гузида – Нусрат-наме» мақаласы, Л.Ф. Байбулатованың «Отражение роли ислама в «Таварих-и гузида – нусрат-наме» т.б. мақалалар бар. Түрік ғалымдары Алтыер Семиха «Semerkand Saray'undan tarihe bir bakış: Mes'ud bin usman kuhistân'nin tarih-i Ebu'l Naуr Han'ındaki minyatürler», Зайцев Илья және Серкан Аджардың «Orta Çağ Kaynaklarında Astarhan Şehrinin Adlandırılması Sorununa Dair» және басқа мақалалар мен ғылыми еңбектен де кездестіруге болады.

Талқылау

Аталмыш анонимдік «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» қолжазба еңбегіне байланысты Кеңестер Одағы кезеңінде «Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атауымен жинақ ретінде жарық көрген еңбекте «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» туралы төмендегідей сипаттама жасаған: «Шығарма мәтінінде автордың аты-жөні көрсетілмеген, еңбектің бізге белгілі екі нұсқасында да автордың аты жазылатын жерге бос орын қалдырып толтырылмай ақ тастап кеткен. Шығарманың авторы кім екендігі туралы бірнеше болжамдар айтылды. П. Лерх оны Джалал ад-Дин Румидің ұлы Сұлтан Уалад жазған деп есептеді. Алайда, ол XIV ғасырдың басында қайтыс болған және сыни мәтіннің баспагері дұрыс атап өткендей «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» 1504 жылға дейін орын алған оқиғаларды ғана баяндаған, сондықтан ол еңбек авторы бола алмайды» делінеді (Материалы, 1969:10). Ал енді Р.Г. Мукминова болса шығарма

туралы жоғарыда келтірілген үзіндіге негізделе отырып «шығармада аталған Мұхаммед Темір Шейбани ханның ұлы» деп пайымдаған.

Сөйтіп, *тарихи* f фактілер мен дерпектер оның Шейбани ханның «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» шығармасына тікелей қатысты болғанын және шығарма авторы сипатталған оқиғаларға қатысқан, оған жақын адам екенін көрсетеді. Р.Г. Мукминованың кеңесін пайдаланған А. А. Семенов «бұл еңбектің авторы Шейбани ханның өзі» деп нақтылай түскен. Ол тағы «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» авторын анықтау ғана емес, шығарманың атауын түсіндіру де даулы мәселе саналады. Атаудың кәдімгі аудармасы «Жеңіс кітабының таңдамалы хикаялары» немесе «Жеңіс кітабынан таңдамалы жылнамалары» сияқты деп жазған.

А.М. Акрамов шығарманың парсыша атауында тақырыптың екі бөліктен тұратын [Тауарих-и гузида], [нусрат-наме] екі бөлігінің арасында изофеттік байланыс жоқ, яғни «*تواریخ گزیده نصرت نامه*» («Тауарих-и гузида – нусрат-наме») деп есептей отырып, «Таңдамалы әңгімелер – Жеңіс кітабы» деген тағы бір пікір ұсынады.

Шығарма хижра бойынша 908 жылы жумада әл-әууәл айында басталды, ол жылдың алғашқы күні 1502 жылдың 2 қарашасына сәйкес келеді. Тауарихте сипатталған соңғы оқиғалар хижраның 909 жылы Зу-л-қа'да айында, яғни 1504 жылдың сәуір-мамыр айларында болған. Еңбекті жазу жұмысы 1504–1510 жылдар аралығында аяқталған болуы ықтимал, бұлай деудің себебі 1510 жылы Мұхаммед Шайбани хан қайтыс болған уақытқа сай келеді. Дейтұрғанмен, шығарманы 1504 жылы жазып тамамдаған деп есептеуге тура келеді. Еңбектің екі нұсқасы бар, олардың бірі КСРО ҒА АХИ ЛБ¹²-та сақталған, екіншісі Британ музейінде сақталған. Одан әрі қарай: «Бізге дейін жеткен екі қолжазба да ақаулы сипатта, беттері үзілген қолжазбадан көшірілген көрінеді. Екі нұсқа да бөлек тараулар жоқ. Жалпы алғанда, Лондон нұсқасы Ленинград нұсқасына (Санкт-петербург нұсқасы) қарағанда толықтау. «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» екі негізгі нұсқасынан басқа, шежіренің бірнеше қысқартылған нұсқалары бүгінгі күнге дейін сақталған, оларда Мұхаммед Шайбани хан қайтыс болған күнге дейінгі оқиғаларды баяндайтын қысқаша толықтырулар бар және әртүрлі тұлғаларға заңсыз жатқызылған» деген пікірлерді кездестіруге болады (Материалы, 1969: 9–14). Біз, міне осыларды ескере отырып еңбектің екінші нұсқасын (Rieu, 1888: 276–280), яғни Британия музейінде сақталған нұсқасынан пайдаландық.

Құжаттық деректер қатарына сол ел билеушілерінің жарлықтары, грамоталары, үкіметтік және ведомстволық бағынышты мекемелердің құжаттары, жеке актілер, лауазымды адамдар мен көрнекті саяси және діни қайраткерлердің хат-хабарлары жатса, ал, баяндау деректері қатарына жылнамалар, тарихи шежірелер, естеліктер, мемуарлар, тарихи-әдеби анықтамалықтар мен этикалық-дидактикалық мазмұндағы трактаттар жатады (Ахмедов, 1985:4). «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» деген атпен белгілі еңбек Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының Шейбани ханға дейінгі суреттейтін түркі-шағатай тіліндегі құнды жазба ескерткіші. Аталмыш еңбектің авторы белгісіз, бірақ оның түпнұсқа мәтіні хижра бойынша 908 жылы (1502-1503 ж.) жазылған болуы мүмкін. Алдымызда аталмыш қолжазбаның хижра жыл санағымен 970 жылы (1563 ж.) жазылған нұсқасымен зерттеу жұмысы жүзеге асырылады.

Бізге белгілі келесі бір еңбек парсы дари тілінде жазылған «Му'изз ал-Ансабфи шаджаратис салатин мағол» атты жәдігер бар. Ол да өте құнды саналады, дегенмен оның авторы да белгісіз.

Үшінші дереккөз Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайнидің (1226–1283 жж.) «Тарих-и жахангуша» еңбегі. Деректануда құжаттық және баяндау деректері басты маңызға ие. Сондай-ақ, аталмыш бағыт бойынша қазақстандық ғалымдардың ішінде Жошы Ұлысы

¹² Яғни, сол кездегі Ленинград бөлімі. Қазіргі Санкт-Петербург.

ғылыми зерттеу институтының директоры, тарихшы Проф. Ж.М. Сабитовтың «Таварих-и гузида-йи нусрат-нама как источник по генеалогии джучидов» атты мақаласын атап өтуге болады. Мақалада міне осындай қолда бар деректер арқылы жан-жақты зерттеу қарастырылады.

Біз Шағатай ұлысын билеген хандарды зерттеу жұмысымызды Ұлық Қаған Үгедей мен бауыры Шағатай ханның қайтыс болуынан бастау алатын көріністен өрбітеміз. Осы мақсатта біз екі басқышты қарастырамыз. Бірінші кезекте Шағатай ханның қайтыс болу кезеңін анықтау үшін «Тауарихи гузиде-и нусрат наме», «Му‘изз ал-Ансаб» және «Тарих-и жахангуша» дереккөздеріндегі қатысты деректемелер ұсынылады. Онан соң Шағатай ұлысының құрылу кезеңіндегі басты тарихи тұлғаларға жоғарыда аталған дереккөздер аясында салыстырмалы талдау жүргізіледі.

Баршаға мәлім болғандай Үгедей қағаннан кейін араға алты ай, бір деректерде жеті ай салып Шағатай ханның да бұл өмірлік дәм-тұзы таусылып, о дүниелік болып кеткені туралы айтылған. Бұл жағдайды нақтылау үшін парсы, түркі шағатай тіліндегі деректер аясында оның ішінде «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» және «Му‘изз ал-Ансаб фи шаджаратис салатин мағол» еңбектерінде өзара айырмашылығы бар мәліметтері бойынша қарастырап болсақ, еңбек мәтінен:


«قالان نيك وفاتيدین التي آى بورون تاريخ التي يوز سكيذ دا وفات بولدى و اليه يرجع المآب» деген мәліметті кездестіресіз (Tavārikh-i, 1502/03: f.86v).

Онда «Қаанның уафотидин алти ай бурун тарихі алти йуз сакизда уафот булди. уа илайһи йаржибул мааб» деп жазылған. Бұл тіркесті:

«Қаған қайтыс болғаннан алты ай бұрын 608 жылы (хашиесінде: 638) опат болды» – деп аударуға болады. Автор кітап жиегінде 638 деп көрсетіп өткен. Автордың мұндағы «Қаған» деп отырғаны Шағатай қаған болуға тиіс. Осы орайда бұл тіркесті «Шағатай қаған қайтыс болғаннан алты ай уақыт бұрын Үгедей қаған өмірден озды» деп түсінуге болады. Егер автор бұл жерде «Қаған» деп Үгедейді меңзеген болса, контекстегі сөздер «Үгедей қағанның қайтыс болудан алты ай уақыт бұрын Шағатай қаған өмірден озды» болып шығады. Сонымен, «Тауарих-и гузида» бізге Үгедей қаған өмірден озған уақытын 638 жыл деп көрсетіп тұр деп түсінуге болады.

Ал, «Му‘изз ал-Ансаб» атты еңбектің 29 бетінде:

«Шағатай хан баьд аз уафот Жангизхан дар муддат сиздах сол ке Уктай қаан хан буд у Подшоһ улус хиш буд уа һафт моһ баьд аз уафат Уктай қаан дар шуһур санаһ арбаьин уа ситтмә йе уафот йофт» деген дерек бар.



Сурет 1. «Muizz al-ansb f šarat al-ansb (Muiz al-ansab)», 29 бет

Аудармасы: Шыңғысхан қайтыс болып, оның орнына Үгедей хан болып тұрған кезде Шағатай хан он үш жыл (бойы) өз ұлысының патшасы болды және Үгедей хан қайтыс болған соң жеті айдан кейін, 640 жылы қаза тапты («Muizz al-ansb f šarat al-ansb», 1501–1600: 29 p.).

Біз осы екі деректі салыстырсақ, бірінде хижра бойынша 638 жылы делінсе, екіншісінде хижра бойынша 640 жылды көрсетіп отыр. Шын мәнінде екі деректемеде көрсетілген уақыттың айырмашылығы кем дегенде бір жарым жылдан екі жылға дейін ұлғая түседі.

Бұл туралы Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайнидің «Тарих-и жахангуша» еңбегіндегі мәліметі былайша жазылған:

«Боқи умр бар ин жумлат буд та нагоһ дар панжум жумада алахиро сана тисъ уа саласин уа ситтмә йе һадем леззат аз камин бирун тохт..» («تا باقى عمر بر ين جملت بود تا ناگاه در پنجم) (جمادى الآخرة سنة تسع و ثلثين و ستمائة هادام لذات از كمين بيرون تاخت و مغافصة تير اجل از شست قضا پنداخت (Juwayni, 1 part, 1912: 158 p.).

Бұл тіркесті қазақша аударатын болсақ:

«Оның қалған өмірі мынадай болды. Ол (Үгедей) 639 жылы жумада ал ахиро айының бесі күні кенеттен өлім аузына ілікті».

Сонымен, біз үш дереккөз аясында үш түрлі мағлұматқа ие болып отырмыз. Бұл көрсеткіштер Григорян жыл санағы бойынша бірі 1241, екіншісі оның келесі жылы, яғни 1242 жылға тура келеді. Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайни көрсеткен деректегі «639 жылы жумада ал ахира айының бесі» деген көрсеткіш Григорян жыл санағы бойынша 1241 жылдың 17 желтоқсанын көрсетеді. Біз Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайни көрсеткен уақыттың келесі тарихшы Рашид ад-Диннің еңбегінде көрсетілген күнді (Рашид ад Дин, 1968:43) дұрыстай алатынын назарға ала отырып Шағатай ханның қайтыс болған уақытын «Му‘изз ал-Ансаб» еңбегінде айтылып өткен уақытын 1242 жылдың 11 шілдесі деп қарастыруды жөн санаймыз.

Ағайынды қос Қаған ұлыстарының бір ұлыс астына енуін тарихта Үгедейдің ұлы Қаған тағына отырып Қарақорымға қоныс аударуымен байланыстырады (БНМАУ-ын түүх, 1966: 335). Осыған байланысты бұл оқиғаның басталуы 1230 жыл деп қарастырылады. Осыдан бастап Үгедей ұлысы жеке дара сөз болмайтынын да көре аламыз.

Шағатай ұлысының құрылу кезеңіндегі антропонимика мәселесін біз парсы, түркі шағатай тіліндегі аталмыш деректер аясында баға беруге тырысамыз. Дегенмен, тәжірибе жүзінде «Му‘изз ал-Ансабты» оқу факсимильдік шағын өлшем тұрғысынан қиындық туғызғанымен, геометриялық фигуралар мен сызықтар арқылы оқу ондағы атаулардың оқылуын тексеруге мүмкіндік береді. Сол сияқты түркі шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегі де жазу үлгісі жағынан араб және парсы әріптерінің асты үсті таңбалану жүйесіндегі жіберілген қателіктері атаулардың оқылуын біршама қиындатады десек болады.

Сонымен, түркі-шағатай тіліндегі «Нусрат наме» еңбегінде «Шағатай ханның патшалығы және қайтыс болуы» бөліміне былай деп жазылған:

«Шағатай ханның Бодшоһлиғи вә охәр уофоти ниң зикри Уруғләри һәр бири йәнә биридин суң бодшоһ булғани бу жақға еткур уа Қоан бирлә Шағатай хан улқандин суң Қара һулаку Шағатай ниң улуғ уғли Муатукан ниң бари уғланларидин улуғ ирди. Жингизхан замонида Бомианда уқ тикип улди акарджә уали альһад ирди Куйук¹³ хан Шағатай ханның ужунжи уғлы Ийсу Мункани ул жиһатдин Ким Қаан бирлә йағилық қила туруп ирди Шағатай улусиға Бодшоһ булсун диб ибарди Мунка Қаан хан булди ирса Қараһулакуға йарлиғ булди ким Ийсу Мунка ни улдуруб узи Улусға бодшоһ булғай Қараһулаку анка итмай йулда уафот булди Хотуны Уржытаһ хатун ким Уйрат қаумидин ирди Буранжи Курган ниң қизи ирди Ийсу Мункани йарлығ йусуни бирлә ултурди тақи узи абушқаси урниға Бодшоһ булди тақи Мунка Қаан улди ирса Қубылай Қаан» (Tavāriḡh-i, 1502/03: f.86v)

Аудармасы:

¹³ Куйук есімін Г әрпімен Гуйук деп берсек. Моңғол тілінде Гүй-х сөзі шапшаң, тез жүгіру мағыналарында қолданыс тапқан. Араб парсы деректері Гаф әрпі қолданысын Каф әрпімен ауыстырып келтіретіндіктерін атап өткен жөн.

«Руларының әр қайсысы бірінен соң бірі патша болғаны бұл жаққа жетті. Қаған мен Шағатай хан өлген соң Шағатайдың үлкен ұлы Шыңғыс хан заманында Бамианда оқ тиіп өлген Мутуканның барлық ұлдарының үлкені Қарахулагу орынбасар болды, сол себепті Қағанмен (арада) жаулық бар еді. Күйік хан Шағатайдың үшінші ұлы Есу Мөнкені Шағатай ұлысына патша болсын деп жіберген еді. (Нәтижеде) Мөнке қаған хан болды. Соған қарамастан Қарахулагуға Есу Мөнкені өлтіріп өзі (сол) ұлысқа патша болсын деген жарлық болды (яғни, Мөнке Қаған хан Есу Мөнкені өлтіруге жарлық берді). Қарахулагу оған жетпей жолда опат болды. Әйелі (есімі) Уржатаһ хатун ойрат Буранжы Курканның қызы болатын. (Ол, Уржатаһ) Есумөнкені (Мөнке қаған) жарлығы йусунимен өлтірді. Тағы өзі абушқасы (қария) орнына патша болды».

Бұл бойынша болғанда «Нусрат наме» еңбегі ұлысқа кім билік жүргізіп отырғанын, нақты уақытты көрсетпеуі жоғарыдағы парақтағы Ұлық қаған Үгедей мен бауыры Шағатай ханның қайтыс болуынан басталған сәтпен түсіндірілсе керек. Мұнда даудың басы Шағатай ханның қайтыс болуымен қатысты көрсетіледі. Осы орайда біз мәтінде кездесетін Муатукан, Күйік, Қара Хулағу, Ийсу Мөнке, Уржитаһ, Мөнке қаған қатарлы тұлғалар есімін төмендегі кестеде көрсетуге болады.

Тарихи тұлғалар есімінің түрлі еңбектегі жазылуы
"Spelling of the names of historical figures in various works."

«Нусрот наме» Nusrot name	«Му‘изз ал-Ансаб» Muizz al-ansab	«Тарих-и жахангуша» Tārīkh-i Jahāngushā
Муатукан Muatukan	Митукан Mitukan	Матукан Matukan
Ийсу Мунка Iisu Munka	Ийсу Мунка Iisu Munka	Ийсу Iisu
Қара хулаку Qara Hulaku	Қара хулау Qara Hulau	Қара Qara
Уржитаһ, Урхиа Urzhitakh, Urhia	Уркунә Urqunә
Налиғу, Алғу Naligu, Algu	Алғу Algu	

«Тауарихи гузиде-и нусрат наме» кітабының «Шағатай хан патшалығы және қайтыс болуы» бөлімін «Му‘изз ал-Ансаб фи шаджаратис салатин мағол» және Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайни парсы тіліндегі «Тарих-и жахангуша» атты еңбегінің бірінші томында кездесетін «Ису Мунке» деген есімге талдау жасар болсақ, мұндағы «Йсу» сөзінің этимологиясын тарихтағы Бозанжардың анасы Алан-Қуаны моңғолдар Хазіреті Иса (с.ғ) тұлғасына телу ықтималдығы бар деген ойдың басымдыққа ие екенін аңғарамыз (Рашид ад Дин, 1968: 114 б.). Сол сияқты Уркунә (Уркунә, Ургунә) түрінде Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайни еңбегінде кездескен есім бар. Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайни «Тарих-и жахангуша» атты бұл еңбектің жазылған уақыты «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегінен ертерек жазылған. Яғни, ол алғашқы дереккөз ретінде қарастырылады.

«Нусрат намеге» жазылған «Уржитаһ» деген адам есімін Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайни еңбегіндегі нұсқаға негізделсек «Уркунә» деп көрсетуге болар еді. Еңбектерде кездескен «Мункә» атауына келер болсақ, шағатай жазба тілінің емлесі бойынша «У» (و) әрпі «О» әрпіне жақын оқылатынын ескеруге тура келеді. Мұндағы «Монкә» біздің сөзімізбен айтқанда «Мәңгі» сөзімен мәндес болып келеді. Қазақтың кісі есімдері қорында Мөнке деген адам аты жиі кездеседі (Мысалы: Мөнке би). Осыған сәйкес мұндай есім

отандық тарих ғылымында «Мөңке» түрінде дұрыс жазылып келеді. Осыған сәйкес «Есу Мөңке», «Мөңке қаған» деген атаулар жарияланымдарда бірізділік сақтағаны дұрыс.

Мәтіндегі «Митукан» деп жазылған есімді Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайни өз еңбегінде «Матукан» деп көрсеткен. Бізше болғанда есім тіліміздің табиғатына жақын.

Күйік есіміне келер болсақ осы есімнің моңғол тіліндегі үлгісі саналатын «Гүй-х» сөзін ғалымдар «шапшаң», «тез жүгіру» мағынасында болған деп санаған (Базылхан Б. 1984:150). Отандық тарих ғылымында бұл есім «Күйік» түрінде орныққан. «Күйік» сөзінің де тарихи тамыры тереңде деп санаймыз.

Айтулы еңбектің келесі мазмұнында төмендегдей мәтін сақталған:

*«Абишқа ни Муатукан ниң учунжи уғли Буриниң Улуғ уғли
ирди ибарди Урхиа хатун ни алғай Қара Гулаку урнида Шағатай улуси
ниң хаками булғай ул махалда Қубилай Қаан бирла Арық Бука
ниң арасида Йағи лиқ ирди Арық Бука жәрики йулда Абишқа ни
тутуб аниң қашиға барди лар тағи устай ға буйурди ани
ултурди тақи Шағатай ханниң алтинжи уғли Байдар уғли Алғу Арық
Бука қашиға бариб ирди йарлиғ бирди ким Шағатай улуси ға бад
шаһ булғай уа ул ирларни Қубилай Қаан бирла аниң уруги
ниң жарикидин сақлағай уа ул ирларниң мал уа тауарин жарик
маслахати ужун буткариб ибаркай ким фароғат бирла жарикин йарағлаб
Қубилай қаан ниң устика йурикай Алғу килиб қарар табиб ба
шаһлиқ ға ултурди тақи нижә махал дин суң Урхиа хатун Арық
Бука қашиға бариб алғудин куб шикоят қилди нижа уақт анда
ирди андин суң Арық бука илжислар ибарди ким ул хадиниң тауари
дин ун дин ики айриб жәрик ужун куб мал алиб келкай
лар ул барған илжи ларниң атлари Иркакун Буритай
Шади ирди алар бариб Алғуға йарлиғ иткуруб улойат лар
идин тауар мал тауаниға турур ирдилар тақи хасил булғанни нукарларидин ибари лар
уа узлари каноре ирларда ирмақ бунка зур ирди ул илжи» (Tavātkh-i, 1502/03: f.87r).*

Мәтіннің аудармасы:

Шағатай ұлысының хәкімі болсын деп және Урхия хатунды (әйелдікке) алсын деп, Қарахулағудың орнына Мутуканның үшінші ұлы Бөрінің үлкен ұлы Абишқаны жіберді. Құбылай қаған мен Арық бұғаның арасында дұшпандық бар еді. Арық-бұға әскері жолда Абишқаны ұстап алып оны тұтқындауға бұйырды. Кейін оны өлтірді. Шағатай ханның алтыншы ұлы Байдар ұлы Алғу Арық-бұғаның қасына барған уақытта оны Шағатай ұлысына патша болады және ол жерлерді Құбылай хан мен оның әскерінен қорғайды әрі ол жерлердегі малдары мен жасырып қойған қазына мүлкін әскер мүддесі үшін таратып жібереді кейін уақыт тауып әскерін жарақатан Қубилай қағанға қарай қарсы беттейді деп жарлық шығарды.

Алғу келіп шешім тауып патшалыққа отырады. Бірнеше уақыттан соң Урхия хатун Арық-бұғаның қасына барып Алғудың үстінен көп арызданады. Ол (бұрын) біраз уақыт оның жанында болған еді. Одан соң мал мүліктің оннан екі (бөлігін) әскері үшін көптеп алып келсін деп Арық-бұғаға елшілер жібереді. Барған елшілердің аттары: Еркекүн, Бөрітай, Шади дегендер еді. Олар барып уәләяттардан (аймақтар) келген мал мүлік заттардың бар екенін білдіріп Алғуға жарлық жеткізді. Қосымша пайда болған (дүниелерін) нөкерлері арқылы жіберіп, өздері маңындағы жерлерде бөлектеніп көңілдерінше (аялдады)».

Еңбектің келесі парағы былайша жалғасады:

Илчиларниң нукари ул кеноре ирдин ирмақ алиб Ариқ бука табугина барурда
 Алғу диди ким мунда турубкур илчилар келсунлар тамом мол ни алиб андин барингиз
 диди тақи нича мударат дин сунк илчилар қалған мални буткариб килди лар ирса ул ибаркан
 нукарларини сақлаб ибармай турур суради лар ким
 Бу жаққа нә учун бармадинк диканда Алғу моний булуб қуймади диб
 турур жун(чун) илчилар бу сузни ишткач Алғуға бариб диди лар ким биз Ариқ
 буканиң йарлиғ йусуни бирла Ариғ Букадин келиб мол алиб нукарлар
 имиздин ибардук ким поре мални илитиб барғай имди бизниң
 нукаримизни нә жиһатдин ибармадингиз диди чун Алғу ул молдин томъ қилиб ирди
 Алғу аларниң сузика ажигланиб илчини тутуб сақлади
 тақи биклари бирла кенкашти ким маслахат нечук курарсиз диди ирса бик
 лардин диди лар ким бу кинкаш илчи ни тутмасдин бурун керак ирди
 диди лар имди мундағ уақиь булди Ариқ бука бирла иағи булдуқ
 имди андин йуз урмак диди тақи Қубилай қаан га куч бермак керак
 диб кинкаш дин сунг илчини ултуруб ул мал уа йарағни узи
 алди тақи жарики(чарик) йарағлиқ булди Урхия хатун тақи Ариқ букадин
 келкаж Алғу ани алди тақи Шағатай улуси га бодшоһ булди Ариқ бука бу хабарни
 ишткач чарик тартиб қилиб мауареннаһр устика барди ики наубат
 урушуб Ариқ бука бузулди учунжи урушта Алғудин Ариқ бука қачиб... (Tavārīkh-i,
 1502/03: f.87v)

Аудармасы:

Ол елишлердің нөкері сол маңдағы жерден бөлек (жер) алып Арық-бұғаға қызметке барарда Алғу оған: мұнда қарап тұр, елишлер келсін. Барлық малды алып сол жақтан барыңдар деді. Біраз уақыттан соң елишлер қалған малды толықтырып келді. Сөйтсе, ол жіберген нөкерлерін тоқтатып жібермей тұрған. Сонда мына жаққа не үшін бармадыңдар деп (олардан) сұрады. Олар: Алғу тоқтатты деп айтты. Сонан соң бұл сөзді елишлер естіп Алғуға барып айтты: біз Арық-бұғаның жарлығы бойынша келіп Арық-бұғадан мал алып нөкерлеріміз арқылы жібердік. Бір бөлік малды ала барсын (деп). Енді біздің нөкерімізді не себепті жібермедіңіз дегенде: Алғу ол малдан дәмелі еді – деп айтты. Алғу олардың сөзіне ашуланып елишіні ұстап (өздерінде) қалдырды және бектерімен кеңесті. (Алғу): Мәслихат жасауды қалай қарайсыздар деді. Бектер: бұл кеңесу елишіні ұстап алудан бұрын қажет еді. Енді, міне мұндай жағдай болды. Арық-бұғамен дұшпан болдық. Енді одан бет бұру (керек) болады – деп айтты. Олар кеңесіп болған соң Құбылай қағанға қолдау көрсету керек деп елишіні өлтіріп, сол мал жарақты өзіне алды. Әрі әскері де қару-жарақты болып қалды. Арық-бұғадан келер (жолда) Урқия хатунды Алғу (әйелдікке) алды. Шағатай ұлысына (Алғу) патша болды. Арық-бұға бұл хабарды естіп әскер жинап Мәуереннахрге барды. Екі мәрте шайқас жүргізгенде Арық-бұға тойтарысқа ұшырады. Үшінші ұрыста Арық-бұға Алғудан жеңіліп қапты.

Еңбектің келесі бетінде тағы мынадай мәліметтер кездеседі:

«(Арық бұға) Самарқанд пен Бұхара жаққа аттанып Алғу нөкерлерінің көп мал және тауарларын тартып алып оның елін талқандады. Арада бір жылдан соң Алғу опат болды. Оның барлық бектері мен әскерлері Урхия хатунның үкімінде өтті. Ол өз ұлы Қарахулагудан туған немересі Мубарак шахты патшалыққа отырғызды. Ол елді қанап, парақорлық өршиді. Мубарак шахтың ұлы мұсылман еді. Ол имандылық танытып қиянатқа жол бермей жүрген еді. Арық-бұға ол жерде әлсіздік танытып қағанның жанына оралады. Ол қаған қызметіне жарауды солай көрді. Муатуканнің екінші ұлы Исун Туадан туған Барақты (Мөңке) Қаған көп уақыттан бері өзіне жақын тұтушы еді. Оны (Барақты) Шағатай ұлысына Мубарак шахпен ұлысты бірге басқарсын деп жіберді. Ол барған бойда

Мубарак шахтың күшіті екенін көріп үкім мен жарлықты көрсетпей шыдап жүрді. Нәтижеде, ол билікті өзі алды. Бұл хикая туралы жоғарыда айтылды. Кейін Барақ тақта отырды. Ол құрылтай ұйымдастырып Қайдуга кісі жіберіп айтты: «Біздің әскеріміз өте көп. Бұл уалаяттарды ала алмаспын. Мына суды кешіп өтіп Хурасанды алмақпын. Қайду ол жақта маған қажет болады, жәрдем берсе екен» деді. Қайдудың Абақа ханмен арада дұшпандығы бар еді. Ол бұл сәлемді сөзді қабыл алды. Қыпшақ (өзінің) ұлы Куйік ханның ұлы Сартақунды қалың әскер қосып Барақтың көмегіне барсын деп бұйырады. Барақ әскерімен суды кешіп Мару¹⁴ жақтың шекарасына жетіп келді. Кейін келе Абақаның інісі Топсынмен шайқасуға бекінді. Сажакту есімді кісінің бегі Қыпшақтың Барақпен бірге келе жатқанын, олардың қасына қашып барғанын хабарлады» (Тавāīkh-i, 1502/03: f.88r).

Еңбектің келесі бетінде мынадай оқиғалар баяндалған:

«Мен Қыпшаққа қарыздармын, мен патшамның қасына келдім», – деді. Кейін Қыпшаққа жақсы жылқылар берді. Қыпшақ оған бірнеше жақсы аттарды алып барып Бараққа тарту ет деп бұйырды. Сажакту солай жасады. Ертеңіне таң ата бере Барақ әскері Жалайыртай Қыпшақтың қасына барды. Ол оған: «Барақ мұнша әскермен келіп жатыр. Саған қылыш сермемекші. Не де болса, Сажакту өз қарыздар адамына, байланып тұр. Осыныша уақытта не үшін сенің қасыңа келмеді. Бүгін Барақтың елінен шығып сендерге келді. Бараққа лайық аттарды өзің алдың. Ал, сен өзіңе лайық көргенді оған бердің», - деді. Оның бұл сөздеріне Қыпшақ: «Сен туысқандардың арасына іріткі салып жатырсың», - деді. Жалайыртай оған: «Мен Барақтың құлымын, сенің де құлыңмын. Маған ауыр сөздер айтып тұрсын», - деді. Бұл сөзге Қыпшақ: «Сен қараша басыңмен Шыңғыс хан ұрпағымен сөз таластырмақсың ба? Сен ит маған осылайша ырылдап тұрмақсың ба?», - деді. Жалайыртай оған: «Мен ит болсам да Барақтың итімін. Маған кеудеңді көтер ме!» - деді. Бұл сөздерді естіген Қыпшақ ашу шақыра сөз бастады: «Сен маған сөз қайтарып тұрсың, мен сенің беліңді шабамын. Барақ ағам маған сен үшін не айтар дейсің. Жалайыртай! Өз қанжарыңды қолыңа ал, мен сенің қарныңды жарамын», - деді. Сонымен ол екеуі жанжалдасып Барақтың алдына барды. Олар Барақтың қасында отырып пікір таласты. Бірақ, Барақ бұған ештеме демеді. Қыпшақ оның Жалайыртайды жақтап отырғанын түсінді. (Қыпшақ) бұл қорлыққа төзе алмай Барақтың ордасынан шығып кетті. Ол өз әскерін, өзінің ордасын Марудің жоғары жағына апарып орналастырды. Одан соң бұрылып дарияны кешіп өтті. Барақтың бұдан хабардар болғаны, Йасар мен Шабатты жібергені, оның Қайдудың қасына барып қайта оралмағаны, Барақтың әскері тарқап кеткені туралы жоғарыда дастанда айтылды» (Тавāīkh-i, 1502/03: f.88v).

Еңбек мәтінінде одан ары мынадай оқиғаларды баяндайды:

«Одан соң Барақтың үлкен ұлы Бектемур мен Алғудың балалары Хупай Қинан (Чупан Қапан) жауласып қашып Қаған қызметіне барды. Угедейдің немересі Шабат пен бір бөлік бектер барып Қағанға қосылды. Одан соң, Хулағудың ұлы Мубаракшах Абақа ханға барып мерейі үстем болып биіктеді. Текудар әскері Ғазнада еді. Оны солардың сардары етіп тағайындады. Барақтың өлімінен кейін Шағатай ұлысын Барақтың немере ағасы Сарбанның ұлы Никпайға берді. Ол үш жыл патшалық қылды. Одан соң патшалықты Шағатай ханның жетінші ұлы Қадақтың ұлы Бұқа-теймурге берді. Бірнеше уақыт патшалық қылып жүргенде ол да «да'ус саълаб» деген дертке шалдықты. Шашы мен сақалы жидіп түсіп, осы аурудан өлді. Одан соң Қайду патшалықты Барақтың ұлы Дуаға алып берді. Оның жарақаты асқынып науқасқа шалдықты. Оның жарақаты туралы жоғарыда толықтай тоқталып кеттік» (Тавāīkh-i, 1502/03: f.89r).

Біз «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» кітабының Шағатай хан бөліміндегі кей тарихи тұлғаларға қатысты мәліметтер берілген мәтіндердің жекелеген парақтарын бастапқы

¹⁴ Қазіргі Түркіменстан еліндегі Мерв

қадамда аударып ұсынып отырмыз. Онда сөз болған тарихи тұлғалар моңғол дәуіріндегі деректерде, соның ішінде Парсы деректері саналатын Фазлаллах Рашид ад-Диннің әйгілі шығармасы «Жами'ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») тарихи еңбегінде, Ала ад-дин Ата Мәлік Жуайнидің «Тарих-и жахангуша» («Әлемді бағындырушының тарихы») қатарлы әйгілі тарихи шығармаларда, қытай авторы Су Ляннің «Юанши» («Юань династиясының ресми әулеттік тарихы») және «Моңғолдың құпия шежіресі» сияқты кітаптарда кездеседі. Сол еңбектерде кездесетін кей тұлғалардың есімі әртүрлі тілде жазылғандықтан, тілдік себептерге байланысты әуелгі нұсқасы ашып көрсетілмей қалып келеді. Біз «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» кітабындағы қатысты мәліметтер, міне сондай ақтаңдақтардың орнын толтыра алады. Бізше болғанда еңбектегі түпнұсқалық дереккөздерді ескере отырып адам аттарын ғылыми айналымға енгізуде тарихи еңбектердегі түрлі нұсқаларды басшылыққа алуды маңызды деп санаймыз.

Зерттеу нәтижелері

Түркі шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» шығармасының Британдық нұсқасындағы «Шағатай ханның патшалығы және қайтыс болуы» бөлімін қарастыру жұмысы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді: «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» атты бұл шығарманың Ұлық қаған Үгедей мен бауыры Шағатайдың билік басынан кеткеннен кейінгі кезеңдегі көптеген уақиғаларды баяндауға арналған «Шағатай ханның патшалығы және қайтыс болуы» атты бөлімі алдыңғы ғасырларда жазылған «Жами'ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы»), «Тарих-и жахангуша» («Әлемді бағындырушының тарихы»), «Тарихы Уассоф» («Уассофтың жазған тарихы») секілді парсы тілінде жарық көрген еңбектерге сүйене отырып толықтырылғаны нақтылана түседі; Шағатай ұлысының географиялық орналасу шеңберінің әлде де терең зерттеулерге мұқтаж екенін көрсететін кейбір тарихи факторларды алға тартады; аталмыш шығарманы Қазақстанның мемлекеттілігі тарихының дереккөзі ретінде қарастырудың маңыздылығын аша түседі, сондай-ақ шығарманың құнды мағлұматтар беруге әлеуетті дереккөз екендігіне ғылыми қауымның назарын аударады; «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» шығармасының көркем әдеби шығарма санатына жатпайтын тарихи туынды екенін контекстегі қатысты мазмұндармен дәлелдейді.

Қорытынды

Шағатай ұлысы тарихына қатысты жазба деректердің араб, парсы, түркі-шағатай, қытай, көне ұйғыр тілдерінде жазылғаны белгілі. Осылардың ішінде парсы, түркі тілдерінде жазылған тарихи еңбектердің алатын орны ерекше. Мақалада мәтінтанулық, деректанулық зерттеулерді қолдану нәтижесінде жекелеген тарихи тұлғалар өмірбаянының хронологиялық тұстарын айқындап ашып беруге болады. Түркі шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» нұсқасының «Шағатай ханның патшалығы және қайтыс болуы» бөлімінің үзінділерін аудару арқылы тарихи еңбектерді түп нұсқасынан мемелкеттік тілге аударып жариялаудың Отандық тарих ғылымында маңызы өте жоғары. Шағатай ұлысының құрылу кезеңіндегі бастапқы кезеңі зерттеу нысанамыз ретінде қарастырылып, аталмыш шығармадағы кейіпкерлердің есімдеріне тілдік-этимологиялық тұрғыдан ашудың мүмкіндіктері бар. Шағатай ұлысы тарихын сипаттайтын жазба деректерін қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға түсірудің маңыздылығы жылдан жылға артып келеді. Қорытып айтқанда алдағы уақытта осындай ортағасырлық қызықты әрі құнды тарихнамалық шығармаларды терең әрі жан-жақты зерттеп-зерделеудің маңызы зор болып табылады.

Әдебиеттер:

Ахмедов Б.А., 1985. Историко-географическая литература Средней Азии XVI–XVIII вв. (Письменные памятники). Ташкент: Фан. 262 с.

Базылхан Б., 1984. Монгол-казах толь. Өлгий. 885 б.

Базылхан Б., 1999. Қазақ және монғол тілдерінің салыстырмалы - тарихи грамматикасы. Алматы. 165 б.

БНМАУ–ын түүх. Гурван боть. Тэргүүн боть. 1966. Улаан-Баатар. 335 б.

Маемерова А. Значение и происхождение имени «Сайкал» в тюркских языках. // *Turkic Studies Journal*. С. 5 (1) 119–130. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-119-130>

Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: Наука, 1969. 650 с.

Рашид ад-Дин. 1968. Джамии ат-таварих. Том 2. Москва: «Наука».

Х.К. Баранов. 1985. Арабско-русский словарь. Москва., изд. «Русский язык». 944 с.

Миллер Б.В. Персидско-русский словарь. Москва, 1960. 668 с.

Шейх Сулайман Афанди Узбаки эл-Бухари. Фарханг чағатаий фариси. Тебриз, 1973. 397 б.

Juwayni Ala'u 'D-Din Ata Malik-i. 1912. Ta'rikh-i-jahan-gusha. 531 p. [Электронный ресурс]. URL: <https://ia801508.us.archive.org/7/items/in.ernet.dli.2015.322637/2015.322637.Tarikh-i-jahan-gusha-Of.pdf>

Muizz al-ansb f šarat al-ansb (Муиз аль-ансаб). (1501-1600). Source gallica.bnf.fr / Bibliothèque nationale de France. Département des Manuscrits.Persan 67. 183 p. [Электронный ресурс] – URL: <https://gallica.bnf.fr/services/engine/search/sru?operation=searchRetrieve&version=1.2&query=%28dc.title%20all%20%22MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B%22%29&keywords=MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B&suggest=3>

Charles Rieu. Catalogue of the Turkish Manuscripts in the British Museum. London, 1888. 276-280 p. [Электронный ресурс]. URL: <https://archive.org/details/catalogueofturki00brituoft>

Tavārikh-i Guzīdah-yi Nuşrat-nāmah (manuscript). (908 AH/1502-03 CE) British Library: Or 3222, 313 p. link: https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or_3222&index=1

References:

Akhmedov B.A. (1985). Istoriko-geograficheskaya literatura Sredney Azii XVI-XVIII vv. (Pis'mennyye pamyatniki) [Historical and geographical literature of Central Asia XVI-XVIII centuries. (Written Monuments)]. Tashkent: Fan. 262 s.

Bazylkhan B. (1984). Mongol-kazakh toil [Mongolian-Kazakh dictionary]. Ölgii. 885 p.

Bazylkhan B. (1999). Qazaq jäne mongol tilderiniñ salıstırmalı - tarixi grammatikası [Comparative-historical grammar of the Kazakh and Mongolian languages]. Almaty. 165 p.

BNMAU-yn tüükh (1966). Gurvan boti. Tergüün boti. [History of the People's Republic of China. Three volumes. The first volume]. Ulaan-Baatar. 335 p.

Mayemerova, A. (2023). Znachenije i priznaniye imeni «Saykal» v tyurkskikh yazykakh. *Zhurnal tyurkologii*, 5 (1), 119–130. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-119-130>

Materialy po istorii kazakhskikh khanstv XV – XVIII vekov (izvlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochineniy) [Materials on the history of Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries (excerpts from Persian and Turkic works)]. 1969. Alma-Ata: "Nauka" publishing house. 650 s.

Miller B.V. (1960). Persidsko-russkiy slovar' [Persian-Russian dictionary]. Moscow. 668 s.

Rashid al-Din. 1968. Dzhami at-tavarikh. Tom 2. [Jami al-tawarikh. Volume 2]. Moscow: Nauka.

Sheikh Sulaiman Afandi Uzbaki al-Bukhari (1973). Farkhang Chagatai Farisi. Tabriz. 397 p.

Electronic source: Juwayni Ala'u 'D-Din Ata Malik-I (1912). Ta'rikh-i-jahan-gusha. 531 p. [Electronic resource] - URL: <https://ia801508.us.archive.org/7/items/in.ernet.dli.2015.322637/2015.322637.Tarikh-i-jahan-gusha-Of.pdf>

Muizz al-ansb f šarat al-ansb (Muiz al-ansab). (1501-1600). Source gallica.bnf.fr / Bibliothèque nationale de France. Département des Manuscrits.Persan 67. 183 p. [Electronic resource]. URL: <https://gallica.bnf.fr>.

Charles Rieu (1888). Catalog of the Turkish Manuscripts in the British Museum. London, pp. 276-280. [Electronic resource]. URL: <https://archive.org/details/catalogueofurki00brituoft>

Tavārikh-i Guzīdah-yi Nuşrat-nāmah (manuscript). (908 AH/1502-03 CE) British Library: Or 3222, 313 r. link: https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or_3222&index=1

¹Жиренов А.А. ²Ошан Ж.

¹ РГП на ПХВ «Ғылым ордасы», Алматы, Қазақстан

² Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹seikhuni.kz@mail.ru, ²zhan918@mail.ru

СВЕДЕНИЯ О НЕКОТОРЫХ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЯХ В РАЗДЕЛЕ «ЧАГАТАЙ ХАН» КНИГИ «ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»

Аннотация. В последние годы исследование Чагатайского улуса активно развивается в стране. Одним из используемых методов является анализ исторических проблем в сочетании с лингвистическими исследованиями в рамках источниковедения исторических трудов. Трактат «Тауарихи гузиде-и нусрат наме», написанный на чагатайском языке, известном также как восточно-тюркский или средневековый литературный тюркский язык, стал важным объектом изучения. Он был распространен среди различных тюркских народов, населявших Среднюю Азию. Рассмотрение исторических произведений Средневековья, написанных на персидско-тюркском языке, и их источниковедческое исследование обогатят содержание предшествующих научных достижений и позволят сделать выводы по актуальным вопросам, расширяя тему значительными деталями. Цель и задачи исследования. Проведение источниковедческого анализа данных, касающихся определенных исторических личностей, упоминаемых в разделе Чагатай хана книги «Тауарихи гузиде-и нусрат наме», которые сохранились в исторических произведениях, написанных в Средние века на персидском, тюркском и других языках. Результаты. В статье, благодаря использованию текстологических, источниковедческих, герменевтических и сравнительных исследований, основное внимание уделяется проблеме выяснения личности исторических деятелей. Заключение. Исследования, проведенные над источниками, предоставляют возможность в определенной степени выявить влияние персидских источников на тюркские и другие источники, выделить общие элементы и рассмотреть научную проблему с другой точки зрения, открывая новые перспективы для более обширных результатов.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему: «Этнополитическая история Улусов Чагатай, Хайду и Могулистана по данным арабских, монгольских, персидских, китайских и тюркских источников» (Регистрационный номер: BR18574101).

Ключевые слова: Чагатай, источниковедение, каган, письменные памятники, чагатайский улус, караша.

¹Zhirenov A.A. ²Oshan Zh.

¹RSE «Ғылым ордасы», Almaty, Kazakhstan

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹seikhuni.kz@mail.ru, ²zhan918@mail.ru

**INFORMATION ABOUT SOME HISTORICAL FIGURES
IN THE «CHAGATAI KHAN» SECTION OF THE BOOK «TAUARIH-I
GUZIDA-Y NUSROT NAME»**

Abstract. In recent years, the study of the Chagatai ulus has been actively developing in the country. One of the methods used is the analysis of historical problems in combination with linguistic research within the framework of the source study of historical works. The treatise "Tauarihi guzide-i Nusrat name", written in the Chagatai language, also known as the Eastern Turkic or medieval literary Turkic language, has become an important object of study. It was spread among various Turkic peoples inhabiting Central Asia. A review of historical works of the Middle Ages written in Persian-Turkic and their source study will enrich the content of previous scientific achievements and allow us to draw conclusions on topical issues, expanding the topic with significant details. The purpose and tasks of the research. "Conducting a source analysis of data concerning specific historical figures mentioned in the Chagatai Khan section of the book 'Tauarikh guzide-i Nusratname,' preserved in historical works written in the Middle Ages in Persian, Turkic, and other languages." Results. "The article addresses the challenge of uncovering the personalities of historical figures through the application of textual, source, hermeneutic, and comparative studies." Conclusion. In conclusion, it can be seen the scientific significance of the article will be increased by making a conclusion about the influence of the Turkish language in the Persian versions and vice versa, the Turkish language in the Persian versions through the linguistic and cultural studies conducted on the written heritage.

Acknowledgments. The article was prepared within the framework the program-targeted funding of the the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: "Ethnopolitical history of the Uluses of Chagatai, Kaidu and Moghulistan according to Arabic, Mongolian, Persian, Chinese and Turkic sources" (Registration number: BR18574101).

Keywords: Chagatai, source studies, kaan, written monument, Chagatai ulus, qarasha.

Авторлар туралы мәлімет:

Жиренов Аскар Асанович, Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ докторанты, «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Ошан Жанымхан, т.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Жиренов Аскар Асанович, докторант КАЗНУ им. Аль-Фараби, главный научный сотрудник Центральной научной библиотеки РГП на ПХВ «Ғылым ордасы», Алматы, Казахстан.

Ошан Жанымхан, к.и.н., ведущий научный сотрудник, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан.

Authors Information:

Askar Asanovich Zhirenov, Doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Chief Researcher of the Central Scientific Library Republican State Enterprise on the right of economic management "Ғылым ордасы", Almaty, Kazakhstan.

Oshan Zhanymkhan, Candidate of Historical Sciences (History), Senior Researcher, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan.